«8D02304 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жолдыбаев Олжас Мұратбекұлының «Үйлену ғұрып фольклорының салыстырмалы поэтикасы (Орталық Азия түріктері материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); **3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.**	1.1. «Үйлену ғұрып фольклорының салыстырмалы поэтикасы (Орталық Азия түріктері материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының төменде көрсетілген мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған: 1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); 2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы); 3) Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, дәлірек айтқанда «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағыты бойынша көзделген басты мақсаттар мен негізгі мүдделерге негізделе отырып, орындалуына үлес қосады.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы	Диссертация авторы қазақ әдебиеттануы, түркітану , фольклортану саласында негізгі ғылыми-теориялық еңбектерге сілтеме жасай отырып, зерттеу объектісі ретінде XIX ғасырдың екінші жартысы

		ашылған/ашылмаған.	мен XX ғасырдың басындағы Орталық Азия түріктерінің үйлену ғұрпын жан-жақты талдап, поэтикалық тұрғыдан салыстырып, типологиялық талдау жасап өз көзқарастары мен ғылыми тұжырымдарын ұсынған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертация авторының жазу шеберлігі жоғары. Ол академиялық жазу қағидалары мен стилін меңгерген, сыни ойлауға қабілетті. Диссертацияның қорғауға ұсынылған тұжырымдары салмақты және күтілген нәтижелерге негізделген.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	4.1. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық негізделген. «Үйлену ғұрып фольклорының салыстырмалы поэтикасы (Орталық Азия түріктері материалдары негізінде)» тақырыбы ішкі бірлік принциптерін сақтай отырып орындалған. Нақтырақ айтқанда, Орталық Азияда ғұмыр кешетін түбі бір туыстас түрік халықтары қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрікменнің отбасы фольклоры, соның ішінде үйлену ғұрыптарының ерекшеліктерін, өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын саралаған.
		1) **негізделген;**	
		2) ішінара негізделген;	
		негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	4.2. Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Сонымен қатар қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған. Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да Орталық Азия түріктерінің отбасы фольклорындағы үйлену ғұрпы тақырыбын барынша ашуға бағытталған.
		1) **айқындайды;**	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	4.3. Бұл ғылыми жұмыстың мақсаттары мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеу барысында диссертант өзіне қойған мақсаты мен міндеттерінің барлығын жүзеге асырған.
		1) **сәйкес келеді;**	

		2) ішінара сәйкес келеді;	Үйлену ғұрып фольклорының салыстырмалы поэтикасының мән-мағынасын ашу үшін Орталық Азия түріктерінен бөлек, туыстас татар, башқұрт фольклорын да қарап, алыс-жақын шетелдің үйлену фольклорына қатысты деректерді де зерделеп, салыстырып, талдауға қосқан.
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	4.4. Зерттеу барысында диссертант бөлімдердің мазмұнын логикалық тұрғыдан байланыстырып, жүйелі түрде ұсынған. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мынадай: анықтамалар, кіріспе, үш тарау, әр бөлімнің соңындағы тұжырымдар, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар берілген.
		1) **толық байланысқан;**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	4.5. Диссертацияда автордың жеке көзқарасын білдіретін сыни талдау жасалған. Докторант ұсынған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдіс-тәсілдер жұмыста негізделіп, Орта Азия түрік халықтарының әдебиеті мен фольклорындағы үйлену ғұрпының мән-маңызы терең ашылып, қазіргі ғылыми парадигмалар аясында зерттелген. Сонымен бірге, Орталық Азиядағы түркі халықтарының фольклорындағы үйлену ғұрпын, тұрмыс-салт жырлары, отбасы құндылығы жайлы басқа ғалымдардың пікірлері сыни тұрғыдан салыстырылып бағаланған.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	5.1. Диссертацияның ғылыми қорытындылары мен жетістіктері толығымен жаңаша сипатта берілген. Ізденуші зерттеулерінің нәтижелерін ғылыми журналдарда жариялаған. Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына енген бір мақала, сондай-ақ қосалқы автор ретінде екінші мақаласы шыққан. ҚР Ғылым және білім министрлігінің бақылау комитеті ұсынған басылымда үш, сондай-ақ түрлі халықаралық және республикалық конференцияларда үш мақаланың жариялануымен бұл расталады.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның	5.2. Барлық қорытындылар, басты болжамдар мен тұжырымдар

		қорытындылары жаңа ма?	ғылыми көзқарас тұрғысынан кең ауқымды дәлелдерге сүйенеді және эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерінен қалыптасады. Диссертация қорытындылары толығымен жаңа.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	5.3. Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін пайдаланылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және ғылыми негіздемелерге сүйенеді. Орталық Азиядағы түрік халықтары қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрікмен үйлену ғұрпындағы тойбастар, сыңсу, жар-жар, беташарды салыстара отырып зерттеу жұмысының басты жаңалығын айқындайды.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген және эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерінен туындайды. Автор жұмысы орындау барысында тақырыпқа сай келетін отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді ұтымды пайдаланған және осы негізде ой қорытындыларын жасай білген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1 Диссертациялық жұмыста негізгі қағидаттар дәлелденген; 7.2 Диссертациялық жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес; 7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа болып табылады. Автор қағидаттарды жан-жақты қырынан қалыптастырған.
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) **дәлелденді;**	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

		7.2 Тривиалды ма?	7.4 Диссертациялық жұмыста қағидаттарды қолдану аясы кең. Қазақ әдебиетінің тарихы, қазақ фольклортану ғылымы саласында осыған дейінгі зерттеулерде диссертацияда талданған мәселелер кең түрде қарастырылмаған. Сол себепті жұмыстың нәтижелері жаңа болып есептеледі. 7.5 Тақырыпты зерттеу барысында отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда баяндамалар жасалған. Бір мақала, сондай-ақ қосалқы автор ретінде екінші мақала Скопус (Scopus) базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда, үш мақала ҚР БҒССҚК бекіткен тізімге енетін журналдарда, үш мақала отандық және шетелдік халықаралық конференция жинақтарында жарияланған.
		1) ия;	
		2) **жоқ;**	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	8.1. Диссертациялық жұмыстың әдіснамасы дұрыс негізделген. Қолданылған зерттеу әдістері диссертацияның бөлімдерінде адекватты сипатталған. Жұмыста сипаттамалық, талдау, жүйелеу, салыстырмалы әдістер пайдаланылған. Бұл диссертация авторының теориялық және әдістемелік жағынан дайындығын көрсетеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	8.2. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерін ұлттық ерекшеліктер негізінде үйлену ғұрпының терең мәнін барынша ғылыми тұрғыдан ашу үшін тиімді түрде қолданғандығын көрсетті.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	8.3. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар басқа да түркі халықтарының үйлену ғұрпына байланысты фольклор үлгілеріменен салыстырулар негізінде дәлелденген, әрі расталған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	8.4. Маңызды тұжырымдар нақты, әрі сенімді ғылыми деректерге сілтеме арқылы дәлелденген. Диссертациялық жұмыста теориялық және әдіснамалық негіз ретінде Орталық Азиядағы түркі халықтарының фольклорындағы үйлену ғұрпынвң жанрларына егжей-тегжейлі зерттеу жүргізу үшін келесі ғалымдардың теориялық-әдіснамалық ой-пікірлері мен негізгі еңбектері ескерілген. Атап айтқанда: Ш. Уәлиханов, М.О. Әуезов, Х.А. Арғынбаев, С. Кенжеахметұлы, Н. Әлімбай, Б. Уахатов, Ә. Қоңыратбаев, С. Қасқабасов, К. Матыжанов, Ж. Аймұхамбет, А. Алдажұманов, А. Мұхан, Г. Пірәлиева, М. Шаяхметова, А. Төлеубаев, Н.П. Лобачева, Н.А. Кисляков, Б. Бекназаров, М.

			Кәрімов, Б.К. Бекжанова, Г.М. Хожаниязова, Т.Ж. Атамуратов, Х. Есбергенов және Ж. Хошниязов, Р. Камалова, С. Казакбав, А. Кочкунов, Ж.С. Дүйшеналиев, С. Кайыпов, Т.Д. Баялиева, К. Калилов, Ф.А. Фиельструп, А.К. Мурзакметов, С.К. Осмонова, Л.Ф. Попова, И.В. Стасевич, К. Ниязклычев, А. Джикиев, Ш. Аннаклычев салттық фольклордың мәтіндік жүйесі мен поэтикасын терең зерттесе, Г.П. Васильева, А. Теджов, Р. Бабаджанов, К. Овезбердыев, Д. Овезов, Н.А. Белова, Н.Б. Лобачева, Г.П. Васильева мен А.О. Оразов, Ш. Турдимов, Б. Саримсаков, С. Давлетов, Т. Мирзаев, Н. Касимов, О. Исманова, Н. Шомаматов, Р. Абдуллаев, К. Очилов, Л. Худойкулова, М. Жураев, Ш. Имамназарова, М. Муродова, Ф. Абдирахмонова сияқты сияқты бірқатар зерттеуші ғалымдардың еңбектері пайдаланылған. Нәтижесінде нақты ғылыми тұжырымдар жасалынған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	8.5. Диссертациядағы әдебиеттер тізімі әдеби шолу жүргізу үшін толыққанды жеткілікті. Жұмыста 121 отандық және шетелдік авторлардың еңбектері, сондай-ақ электрондық ресурстар пайдаланылған. Барлық пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеу талаптарына сәйкес келтірілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	9.1.Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар мен ой-пікірлер Орталық Азиядағы түбі бір, туыстас түрік халықтарының, атап айтқанда қазақ қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрікмен әдеибетіндегі және фольклорындағы үйлену ғұрпын поэтикалық салыстырмалы әдіс-тәсілдер арқылы зерттеуге бағытталған. Аталған зерттеулер, өз кезегінде фольклортану мен әдебиеттану ғылымдарының теориялық негіздерін тереңдетіп, қоғамдық гуманитарлық ғылым салаларының дамуына септігін тигізеді.
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	9.2. Диссертациялық жұмыс әдебиеттану мен фольклортанудың және басқа гуманитарлық сала ғылымдарының өзара байланысын зерттей отырып, жаңа білімдерді ашуда практикалық мәнге ие. Бұл диссертациялық жұмысты фольклортану, әдебиеттану,

		1) **ия;**	мәдениеттану, өнертану бойынша білім алушыларға жүргізілетін базалық және кәсіби пән ретінде ұсынуға толық негіз бар.
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	9.3. Диссертациялық жұмыста көрсетілген практикалық ұсыныстар жаңашыл сипатқа ие. Олар әдебиеттанудағы мазмұндық және әдіснамалық ерекшеліктерді назарға ала отырып жасалған және жоғары оқу орындарының оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдарын жетілдіруге, қазақ және түркі әдебиеті тарихын кезеңдерге бөлу мен әдебиеттану және фольклортануды оқытуда тиімді әдістерді қолдануға жол ашады. Ұсыныстардың жаңалығы зерттеу барысында жинақталған материалдар мен қорытындылардың практикалық қолдануға бейімделгенінде жатыр.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациялық жұмыс барлық академиялық жазу мен рәсімдеу талаптарына сай келеді. Жазу сапасы жоғары деп бағалауға болады. Жұмыста қолданылған сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, сондай-ақ терминдік анықтамалар ғылыми стандарттарға сай жүйеленіп, ұқыпты рәсімделген. Бұл өз кезегінде зерттеудің құрылымдық тұтастығын және ғылыми аппараттың дұрыстығын қамтамасыз етеді.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның кей тұстарында техникалық, орфографиялық, тыныс белгілері бойынша, стилистикалық аздаған қателер кездеседі. Алайда бұл көрсетілген ескертулер диссертациялық жұмыстың жалпы құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді деп санаймын.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысы барысында 8 ғылыми мақала жарық көрген. Оның ішінде скопус (Scopus) базасына енетін нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда 1 мақала, қосалқы автор ретінде 2-ші мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақала, отандық және шетелдік халықаралық конференция жинақтарында 3 мақала жарияланған. Осы мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, ғылыми ортаның назарына ұсынылған.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Жоғарыда айтылған пікірлерді тұжырымдай отырып, «8D02304 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алу үшін ұсынылған **Жолдыбаев Олжас Мұратбекұлының «Үйлену ғұрып фольклорының салыстырмалы поэтикасы (Орталық Азия түріктері материалдары негізінде)»** тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы дәйекті, теориялық, практикалық маңызы мол, ғылыми академиялық деңгей сауатты деп оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша **Жолдыбаев Олжас Мұратбекұлының** (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынған **«Үйлену ғұрып фольклорының салыстырмалы поэтикасы (Орталық Азия түріктері материалдары негізінде)»** атты диссертациясына жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті **А.Ш.Пангереев**